

**"Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауын өзгерту туралы**

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 15 ақпандағы № 64 қаулысы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Сайрам ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы №9 "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" қаулысына сәйкес, Сайрам ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) мекеме ережесін қаулы қабылданған күннен бастап бір ай мерзім ішінде әділет органдарына мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) мемлекеттік мүлік тізіліміне тиісті өзгерістерді енгізуді;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Сәбитов*

Сайрам ауданы әкімдігінің  
2024 жылғы 15 ақпандағы  
№64 қаулысымен бекітілген

**Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сайрам аудандық тұрғын үй-коммунальдық шаруашылық бөлімінің "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме Сайрам ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қазандағы №389 қаулысымен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеме Сайрам ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы №40 қаулысына сәйкес уәкілетті органның қайта құрылуына басланысты қайта тіркеуден өтті.

5. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Сайрам ауданының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

6. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган "Сайрам ауданы тұрғын үй-коммунальдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

7. Мемлекеттік мекеменің атауы:

Сайрам аудандық тұрғын үй-коммунальдық шаруашылық бөлімінің "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

8. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері:

Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Жібек-жолы көшесі №95, индекс: 160800.

## **2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі**

9. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

## **3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні Сайрам ауданы бойынша абаттандырылған нысандарды және аудан теңгеріміндегі мүліктерді күтіп ұстау болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты Сайрам ауданы бойынша абаттандырылған нысандарды және аудан теңгеріміндегі мүліктерді күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу, және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

15. Мемлекеттік мекеме осы мақсаттарға жету үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) аудан әкімдігі теңгеріміндегі ғимараттар мен нысандарды күтіп-ұстау;
- 2) аудан әкімшілігі өткізетін іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесу;
- 3) аудан аумағындағы елді мекендерде орнатылған балалар және спорт алаңшаларын , стадиондарды күтіп-ұстау жұмыстарын ұйымдастыру;
- 4) су басудың алдын алу мақсатында салынған ирригациялық жүйелерді күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу;
- 5) аудан аумағындағы елді мекендердегі қоқыс жинауға арналған қоқыссалғыштарды күтіп ұстау;
- 6) елді мекендердегі жер асты және жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдерін күтіп ұстау;
- 7) аудан аумағындағы елді мекендердегі аяқ жолдар мен қоршауларды күтіп ұстау;
- 8) аудандық заңды тұлғалардың теңгеріміндегі нысандарды қысқы маусымға дайындық кезінде сығымдау және қазандықтарды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- 9) аудан аумағындағы елді мекендердегі көпқабатты тұрғын үйлерге және орталық көшелерге орнатылған декоративті жарықшамдарды күтіп ұстау;
- 10) аудан аумағындағы тарихи және мәдени мұраны күтіп ұстау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 11) аудан аумағында елді мекендердегі белгіленбеген орындарда ретсіз сауда жасаушылармен жұмыс жүргізу;
- 12) аудан аумағында ретсіз жарнамаларды реттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен аудан аумағындағы мемлекет меншігіне берілген ғимараттарды, нысандардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру;
- 14) аудан аумағындағы елді мекендердегі көпқабатты тұрғын үйлердің ауласын, көшелердің санитарлық тазалығын және бей берекет жиналған қоқыстарды жинауды ұйымдастыру;
- 15) аудан аумағындағы жолдардың және елді мекендердегі көшелердің бойындағы ағаштарды санитарлық қысқарту, қураған ағаштарды кесу, әктеу, гүлдер, жасыл желекті бұталарды отырғызу, суғару және шөп ору жұмыстарын жүргізу;
- 16) аудан аумағындағы қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған қоқыс алаңшаларын , қоқыс жәшіктерін күтіп ұстау және алаңша маңының тазалығын қамтамасыз ету;

17) аудан аумағындағы көше атауы орналасқан тақтайшаларды және көше бағыттағыш тақтайшаларды күтіп ұстау;

18) аудан аумағындағы республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автокөлік жолдар мен елді мекендердің ішкі көшелерін санитарлық тазалық жұмыстарын ұйымдастырып, күтіп ұстау;

19) аудан аумағындағы автожолдар мен көшелерде орналасқан жарықтандыру құралдарын күтіп ұстау жұмыстарын ұйымдастыру;

20) аудан теңгерімдегі автотұрақтарды күтіп ұстау;

21) аудан теңгерімдегі суағарлар, гүлзарлар, субұрқақтар және жарықтандыру мен су сорғыш құралдарын жөндеп, күтіп ұстау;

22) аудан теңгерімдегі саябақтарды күтіп ұстау;

23) аудан көлеміндегі аялдамалардың санитарлық тазалығын ұйымдастырып, күтіп ұстау;

24) аудан аумағындағы теңгерімдегі бағдаршамдары күтіп ұстау;

25) аудан аумағындағы автокөлік жолдар мен жаяу жүргіншілер өткеліндегі сызықтарды сызуды ұйымдастырып, күтіп ұстау;

26) көше бойындағы көрнекі құралдар, билбордтарды күтіп ұстау;

27) аудандық маңызы бар автокөлік жолдар мен елді мекендердің ішкі көшелеріндегі ойықтарды ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастырып, күтіп ұстау;

28) пробация қызметінен ұсынылған жазалаудың осы түріне сотталған адамдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру;

29) аудан аумағындағы мемлекет меншігіне берілген зираттар мен өзге де жерлеу орындарын күтіп-ұстау және тазалығын қамтамасыз ету;

30) көпірлер мен жаяу жүргіншілер жолдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу;

31) жол бойындағы аркаларды күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу;

16. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

17. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органының шешімімен, немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару**

18. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған уәкілетті органы жүзеге асырады.

19. Уәкілетті орган заңнамада белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) құрылтайшыға мемлекеттік мекемеге мүлікті бекіту бойынша ұсыныстарды береді;

2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) құрылтайшыға мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітуге, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсыныстар береді;

5) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

6) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

7) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

8) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

9) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

11) құрылтайшыға мемлекеттік мекемені қайта құруға немесе таратуға ұсыныс береді;

12) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, уәкілетті органға тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

22. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

24. Мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады ;
- 12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және Уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **5-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі**

25. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

26. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 161-бабының 2-тармағында көзделген салаларында мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті бюджеттен қаржыландырады.

29. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

30. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асырады.

#### **6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

31. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

#### **7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

32. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі.

#### **8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

33. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, құрылтайшының шешімімен жүргізіледі.

34. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

36. Мемлекеттік мекеме таратылған жағдайда мемлекеттік мекеменің қаражаты жергілікті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

#### **9-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

37. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.